

## Астана қаласы

### №24 орта мектеп ШЖҚ МКК

#### 2022 - 2023 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысының есебі.

2022 - 2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» концепциясы, «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат негіздерінде әзірленді.

**1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие** бағыты бойынша қыркүйектің 1-де барлық ел білім күнін өткізеді. Осы күні біздің №24 орта мектепте барлық оқушыларға мектеп есігі ашылды. Жаңа оқу жылына **«Сыңғырла, алғашқы қоңырау!»** іс-шарасы өткізілді. Салтанатты іс шараның жүргізушілері 9 сынып оқушылары Әуелбай Раушан мен Бекмахан Әділет жүргізді.

Білім күніне арналған салтанатты сап түзеуді мектеп директоры С.С. Калиев ашты және мұғалімдерді, оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтады.

Оқушылар жаңа оқу жылына белсенді дайындалды және мектептің іші безендірілді. 1 қыркүйек бірінші сыныпқа алғашқы қоңырауы соғылды. 1 сынып оқушыларына 11 сынып оқушылары «Әліппені» таратып берді.

Іс-шара қазақ және орыс тілдерінде өтті. Сонымен қатар **«Мен, өз елімнің патриотымын»** тақырыбына сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушыларды өз тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай сақтай отырып, мәңгілік ел бола алатынына көз жеткізе отырып, үлес қосуына шақыру. Сонымен қатар, болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идеямен таныстыру.

**16 желтоқсан «Тәуелсіздік күні» мерекесіне** арналған іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Мектептің мәжіліс залында «Тәуелсіздік тәтті үмітім едің сен» атты концерттік бағдарлама өткізілді. Сахна мерекеге сай безендірілді. Ұстаздар мен 11 сынып оқушылары қатысты. Тәуелсіздік мерекесіне арналған іс-шаралар **«Тұғырың биік болсын Тәуелсіздік!»** атты әдеби сазды кешпен жалғасты. Кеш Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылды. Мектеп директоры Калиев Серік Сакбырбекұлы мерекелік кешті ашып, барша ұстаздар қауымын «Тәуелсіздік күні» мерекесімен құттықтап жылы лебізін білдірді. «Астана Гүлдері» бишілер тобы дайындаған ән, би өнерлерімен, қорытындыланды.

**13.12 күні Республикалық бірыңғай «Жас ұлан»** және «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты жиыны болды. Мектебіміздің озат, үздік, үлгілі оқушыларымыз қабылданды.

Бірақ, 296 жас ұландықтарға галстуктерді мектеп әкімшілігі мен озат оқушылары үлгі ретінде сыныптарында табыс етті. Мектеп директоры

Калиев Серік Сабырбекұлы мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Теңізбаева Бакыт Габдулловнаға сөз берілді. Оның ішінде 96 оқушы «Жас қыран» ұйымына, 200 оқушы «Жас ұлан» ұйымына өтті.

Мемлекеттік әнұран орындалды. Анты қабылдауға мектеп Президенті Ауелбай Раушанға сөз берілді. Соңынан «Жасұлан» әнін хормен орындалып, салтанатты жиынымызды аяқтадық.

Жыл көлемінде құқық қорғау органдарымен кездесулер мен дөңгелек үстелдер өтті. Кездесудің мақсаты: оқушыларға құқықбұзушылыққа мүлдем төзбеушілік принциптерін қалыптастыру. Жыл көлемінде қалалқ есепке алынған оқушы жоқ. Мектептің ішкі тәртібі мен құқықбұзушылық жасалған жағдайында мектеп директорының қатысуымен құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырыстары өтіп отырды. Кеңестің шешімімен мектепшілік есепке алынған оқушыларға жеке папка арналып, мектеп психологымен бірлесе жұмыс жүргізілді.

«Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» байланысты 2022 жылдың 20 мамырында Астана қаласындағы №24 орта мектептің 5 "И", 6 "И", 6 "З" 7 "Ж" сынып оқушылары «Алжир» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының мұражайы мен мемориалдық кешеніне экскурсияға барды. 1997 жылдан бері 31 мамырда Қазақстанда 1931-1933 жылдардағы саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні аталып өтіледі. Тарихшылардың айтуынша, сталиндік режим жылдарында 100 мыңнан астам қазақстандық қуғын-сүргінге ұшырап, олардың әрбір төртінші бөлігі атылған. Қазақ зиялылары, аяусыз атылды, Қазақстан территориясы халқының үштен біріне жуығы аштықтан қырылды.

**8 наурыз – Халықаралық Әйелдер күні мерекесіне орай «Ана – шапағат, Ана - махаббат»** атты мерекелік кеш ұйымдастырды.

Осы аталмыш мерекеге орай, өнерпаз оқушылар аналар мен аруларға арнап, ақын-жазушыларының туындыларынан үзінділер оқып, әсем әндер мен күйлер орындады.

Көктемнің алғашқы мерекесі аруларға, аналарға ерекше қуаныш пен шаттық сыйлады.

Мерекелік кеш келген әрбір адамның жүрегіндегі анаға деген махаббаты мен құрметін арттырып, бір сәтке болса да аналарын қуанту үшін әлемнің асылын сыйлауға асықтырғаны анық.

Бастауыш сынып оқушылары аналарына арнап көптеген бейнеқұттықтаулар дайындаған.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай **«Наурыз тойы - жыр, аңыз»** атты мерекелік кеш ұйымдастырды.

**Мақсаты:** «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік

беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Мерекеге орай, өнерпаз оқушылар аналар мен аруларға арнап, ақын-жазушыларының туындыларынан үзінділер оқып, әсем әндер мен күйлер орындады.

**Мерекелік кеш келген әрбір адамға наурыз мейрамына деген махаббаты мен құрметін арттырды деген ойдамыз.**

Мектепте “Ұлы Жеңіс күніне” орай сынып сағаты өткізілді. Оқушыларға Ұлы Жеңіске қол жеткізген жерлестеріміз, соғысқа қатысып, ерлік жасаған отандастарымыз туралы баяндалып, бейнефильмдер көрсетілді.

### **25 мамыр күні мектебімізде соңғы қоңырау салтанаты өтті!**

Түлектер мектептік балалық шақпен қоштасты. Өмірдегі барлық жақсы нәрселер сияқты тез және байқалмайды өте шықты. Күні кеше ғана аналары мен әкелері ұлы мен қызының кішкентай қолын мықтап ұстап, салтанатты түрде мектеп қақпасынан кіріп еді. Жылдар елеусіз зымырап өтті, енді міне бүгін- 25 мамыр. Ерекше мағына мен мәнге толы салтанатты күн.

Мектеп директоры мен әкімшілік түлектерді салтанатты түрде құттықтады, түлектерге ақ жол тіледі, осыншама жылдар бойы білім нәрімен сусындаған ұстаздар қауымының құттықтау сөздері мен ата-аналардың тілектері тыңдалды.

**2. Рухани- адамгершілік тәрбие бағыты** бойынша тамыз- қыркүйек айларында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткізіліп, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсетілді.

Мектеп жасындағы балаларды оқулықпен толық қамтуды қамтамасыз ету және аз қамтылған отбасылар балаларына материалдық көмек көрсету жұмыстарын белсендіру мақсатында, жыл сайын жалпыға міндетті оқыту қоры мен жалпыреспубликалық «Мектепке жол» акциясы 1 тамыз мен 30 қыркүйек аралығында және 10 қаңтар- 10 ақпан аралығында Республикалық «Қамқорлық» акциялары өткізіліп тұрады. Акцияның мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды оқумен толық қамтуды қамтамасыз ету және әлеуметтік жағдайына байланысты мектепке келе алмай жүрген оқушыларды анықтау және алдын-алу. Акция шеңберінде «Мектепке жол» акциясы өткізілуі туралы демеушілер, шефтік ұйымдар, ата-аналар қоғамдастығына кеңінен таратылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін» бекітті. Осы қаулыны негізге ала отырып, ата-аналардың немесе олардың орнындағы тұлғалардың өтініштері негізінде материалдық көмек көрсетуге мұқтаж балалардың тізімі жасалынып көмек көрсету түрлері атап көрсетіледі.

## **«Оқуға құштар мектеп» жобасы**

### **Мақсаты:**

- Кітапты сүйе,оны күтіп,таза ұстауға тәрбиелеу.
- Еске сақтау қабілеттерін арттыру.Дыбыстардың дұрыс айтылуын қадағалау.
- Білім алушыларды бойында ұлттық сананы ояту ,кітапқа деген қызығушылығын арттыру,сүйіспеншілік, мақтанышсезімін ұялату,ұлттық рухты сіңіру.Білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру,кітаптың адам өміріндегі маңызы,ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру.

### **«Book voices» 20 минуттық кітап оқу жобасы**

#### **Кітапханада 20 минут кітап оқу**

### **Мақсаты:**

- Білім алушылар Ы.Алтынсарин әңгімелерін талдай отырып,қорытынды пікірлерін айту өз ойларын ортаға салу, слайд жасау,қорғауға насихаттау.

Конференцияға оқушылар слайдтар жасап, үлкен дайындықпен қатысты.Әңгімелерін талдай отырып,қорытынды пікірлерін айта білді. Ы.Алтынсарин әңгімелері бойынша кітапханада 5,8,сыныбымен «Ұлылар ұлағаты» атты конференция өткізілді.Жасаған слайдтар негізінде «Бақша ағаштары», «Талаптың пайдасы», «Ізгілікті» т.б әңгімелері бойынша оқушылар өз ойларын ортаға салды. Ы.Алтынсарин әңгімелері бойынша кітапханада өткізілді.

### **Пікірталас «Дебат» 17.11.2022ж**

#### **Жасөспірімдер арасындағы зиянды әдеттерді алдын алудың тиімді механизімін ұсынады.**

### **Мақсаты:**

- Ыбырай Алтынсарин -ұстаз, ағартушы және гуманист, қазақ тіліндегі оқулықтарды, қазақ әліпбиі мен жазуды, қазақ мектептеріне арналған орыс тіліндегі оқулықтарды жасаушы.

Ыбырай Алтынсарин лирикалық өлеңдер, қазақ даласының табиғаты мен оның байлығы туралы әңгімелер, этнографияға арналған очерктер, экономикалық, әлеуметтік-саяси мәселелер бойынша публицистикалық жазбалар тұрғысында бай шығармашылық мұра қалдырды.

- Көрмеге Ыбырай Алтынсариннің шығармалары, ғылыми -педагогикалық еңбектері, ағартушының өмірі мен қызметін айшықтайтын: Ы.Алтынсарин «Кел, балалар, оқылық», Ы. Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар ...», Ж.Смағұл «Алтынсарин және ұлттық әдеби мұра», «Ыбырай Алтынсарин тағлымы», Ә. Дербісәлин «Ыбырай Алтынсарин» және т.б. әдебиеттер мен мерзімді басылым беттеріндегі мақалалар ұсынылды.

### **«Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» көрмесінің анықтамасы.**

14.12.2022ж күні мектеп кітапханасында «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына –

30 кітап» көрмесі өткізілді. Көрмеге 5-11 сынып оқушылары өте белсене қатысты. Көре ашылуында мектеп директоры Калиев С.С. сөз сөйлеп, Тәуелсіздік жолыдағы қиындықтарды, қазірге таңда бейбіт ғаламда өмір сүріп жатқанымызды тілге тиек етіп, көрмеге қызығушылық танытқан оқушыларғы арнайы сыйлықтар таратты. Көрмеде оқушылар тәуелсіздікке аранып шығарған өз туындыларымен бөлісті. Тәуелсіздік тақырыбында ән айтылып, өлеңдер оқылды. Оқушылар көрмеде көрсетілген кітаптармен танысып, керек мәлеметтерді ойларына түртіп алды. Көкейде жүрген сұрақтар қойылып, нақты жауаптар алынды. Сонымен қатар оқушылар мектеп кітапханасына үйлерінен алып келеген өз кітаптарын, мектеп кітапханасындағы кітаптар қатарына қойды. Оқушылардың мақсаты өздері оқып болған кітаптарды, басқада оқушылар оқысын деген ниет және ұғымды қалыптастырғанын байқауымызға болады. Көрмеді 8 «В» сынып оқушысы Советқали Демежан, 9 «Б» сынып оқушысы Мұрат Маржан, 9 «Г» сынып оқушысы Қанат Мақпал арнайы сыйлақтар табысталды.

### **Кітапханаға көмектесу**

#### **23.12.2022ж Валонтерлер игі жұмысқа белсенді қатысу.**

Еліміздің Тәуелсіздігі үшін күрескен, бойында ұлттық рухы, Отанға деген патриоттық сезімі қалыптасқан жастардың өмірін болошақ ұрпаққа үлгі ету, тарихымызды таныту. Өткізілген іс-шар әлеуметтік желіге жарияланды

### **«Қазақстандағы теріс ағымдағы діни экстремизм және терроризм қауіп-қатері»**

22.12.2022 ж күні 8-11 сынып оқушыларына «Қазақстандағы теріс ағымдағы діни экстремизм және терроризм қауіп-қатері» атты бейнефильмдер көрсетілді. 8 сынып оқушыларына «Қазіргі қоғамдағы діни экстремизм қатері», 9 сынып оқушыларына «Тероризм ұрпағы», 10 сынып оқушыларына «Экстремизм эпидемиясы», 11 сынып оқушыларына «Діни экстремизм және терроризмнің қоғамға қауіпі» атты бейнефильмдер және деректі фильмдер тамашалады. Мектебіміздің дінтану пәні мұғалімдері Арғынбаев Ғ.Ж. және Сергазина Г.Е. бейнефильм алдында, оқушыларға арнайы дәріс оқыды. Фильмдер аяқталған соң оқушылар өз ойларымен бөлісіп, қауіп-қатердің алдын алу жолдарымен танысты. Сонымен қатар мектеп психологы Нурғожаева Г.Б. «Қазақстандағы теріс ағымдағы діни-экстремизм және терроризм қауіп-қатері» тақырыбында бейнеслайд көрсетті. Оқушылардың көкейінде жүрген сұрақтар қойылып, оларға ұтымды жауаптар ала білді. Бейнефильмдер көрсету мақсаты оқушылардың діни сауаттылықтарын ашу, қатер төндіретін жат ағымдардан сақ болуға, имандылыққа тәрбиелеуге бақытталған.

**3. Ұлттық тәрбие** бағыты бойынша қыркүйек айында Қазақстан Республикасы халқының тілдер күніне арналған тілдер айлығы мектебімізде қыркүйектің 6 күні ашылу салтанатымен басталды. Оқушылар өздері биім тілдерді сыныптастарымен және мектеп оқушыларына бөлісе отырып, «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» аясында шаралар жүргізілді. 10 сынып және 7 сынып оқушылары «Тіл – татулық тірегі» тақырыбында қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі көрмелерін ұйымдастырумен бастап, 1-8 сынып оқушылар арасында үш тілде ойындар ойнатты. Жеңілпаздар әр түрлі сыйлықтармен, тәттілермен, құттықтау қазадарымен марапатталды. Үш тілді ән айтылып, оқушыларды үш тілде сөйлеуге және жетік білуге шақырды. 9 сынып және 7 сынып оқушылары француз тілі, корей тілі және италиян тілдері көрмесін көрсетіп, оқушыларға сол тілдерді түрлі ойындар ойнатты, 4-8 сынып оқушылары сол үш тілде жақсы сөздермен танысып бір-біріне алғыстарын білдірді. 9 сыныптар келесі кезекте түрік тілі, испан тілі және өзбек тілдері көрмесін ұйымдастырып, оқушыларды бұл тілдергеде қызығушыларын оятты. Көрме ұйымдастыру кезінде әлем тілдерін үйрену оқушылар тарапынан құлшыныстарын байқауымызға болады. Сонымен қатар ағылшын тілінде 8-11 сыныптар арасында «Voice 24» тақырыбында үш тілде кара, оқы, ән сал сайысы ұйымдастырылды. Бұл сайыстың мақсаты – Тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған түрлі ұлт өкілдер арасындағы достық пен бірлікті нығайту барысында тілге құрмет сезімдерін қалыптастыру, үш тілдік саясатын дамыту. Сыныптар арасында 6 оқушы қатысты. Сонымен қатар «Magic world» топтық сайысына 5-7 сынып оқушылары белсене қатысқанын байқауымызға болады. Өз пікірлерін үш тілде еркін жеткізіп, сұрақтарға жауаптары тез, әрі топтық жұмыстарда ұйымшылдықтары байқалды. «Тәуелсіздік тірегі – тіл» тақырыбында 11 сынып оқушылар арасында пікірталас ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің пікірлерімен алмасып, тілді дамыту аясында болашаққа жоспар құрды. «Праздник языков», «Язык есть исповедь народа, его душа и быт родной» викторина, «Веселое путешествие в страну английского языка» тақырыптарында орыс сынып оқушылары арасында іс-шаралар жүргізілді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздері туралы мектепшілік түрлі байқаулар жүргізілді. Оқушылар спорттық ойындармен қол өнер бұйымдар жасаудан сайысқа түсті. Жеңілпаздар түрлі сыйлықтармен марапатталды. Сонымен «Ұлттық ойын – асыл мұрамыз» атты мектепшілік және қалалық, ұлттық ойын «Асық ату» және «Бес асық» ойындарының жарыс ұйымдастырылды. Бала бойындағы ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттырып, ынталандырды. Қалалық асық ату ойынында мектебіміздің 10 «Ә» сынып оқушылары Жамбыл Жамболат, Отарбек Айдын, 9 сынып оқушылары Толыс Бақдәулет, Бекмахан Әділет бас жүлде иеленсе, «Бес асық» ойынында 9 сынып оқушылары Мұхтар Салтанат, Серік Кәусар, Жақыпбек Аружан, Әуелбаева Назерке, Бейсенбай Құралай мектеп атынан және қала атынан Республикалық жарысқа қатысып, бас жүлде

иеленді. Желтоқсан айында «Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» (1-4 сынып) «Мемлекеттің дамуындағы рәміздердің маңызы» (5-8 сынып) Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің, біздің егемендегіміздің негізі» (9-11 сынып) тақырыбында сынып сағаттары жоспарланды. Сынып сағаттарында оқушылар белсенділік танытты. 2023 жылдың 4-8 сәуір аралығында Шаттық 2023 ж фестивалі өтті. Фестивальге мектебімізден 9 номинация бойынша 50 оқушы қатысты. 7 номинация бойынша сертификат иегері атанды.

Сәуір айында «Теңге – Тәуелсіз Қазақстанның белгісі» атты дәріс сабақтар жүргізілді. Оқушылар теңгенің шығу тарихымен таныс бола отырып, қазіргі таңда әлемдік валюталармен салыстырмалы түрде пікірлерімен бөлісті. Ұстаздары Ғани Жайдарұлымен болашаққа болжам жасап, өз ойларын еркін жеткізді.

**4. Отбасы тәрбиесі** бағыты бойынша жоспар негізінде төрт мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралып, шешімдерін қабылданып отырды. Қыркүйек айында «Тәрбие үрдісіндегі мектеп пен жанұя» тақырыбында мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті. Әр тоқсан сайын сыныптарда ата-анала жиналысы өткізіліп, сыныптың сұрақтары сол жерде қаралып, хаттама толтырылды. Мектеп психологтары тақырыпқа байланысты ата-аналармен тренингтер өткізді. Оқу жылының алғашқы аптасынан бастап мектептің әлеуметтік педагогы Карабаева Ә.Т. бақылауымен, сынып жетекшілер сыныптың әлеуметтік төлқұжатын жасады.

Отбасы күніне арнап мектебімізде ата-аналармен спорттық сайыстармен сынып сағаттары жүргізілді. «Бәрі де отбасынан басталады» (1-4 сынып) оқушылар отбасы суреттерімен қабырға газеттерін жасап, ата-аналарына арнаған өлеңдерін оқыды. «Үйде құт болса, қазына керек емес» (5-7 сынып) оқушылар отбасылары жайында бейнежазбалар жасап, ата-аналарына алғыстарын білдірді. «Отбасының басты құндылықтары» (8-11 сынып) оқушылары өз пікірлерімен бөлісіп, ата-аналарына түрлі сыйлықтар дайындады. Наурыз айында «Ана – әлемдегі ең жақсы сөз» (1-4 сынып), «Кез келген тілдегі басты сөз» (5-8 сынып), «Ана бақытының сырлары» (9-11 сынып) тақырыптарында сынып сағаттары жүргізілді.

**5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** бағыты бойынша қыркүйек айында Еңбек күніне арналған сынып сағаттары жүргізілді:

«Еңбек түбі – береке» (1-4 сынып), «Еңбек бәрін де жеңбек» (5-7 сынып), «Әлемнің әміршісі еңбек» (8-11 сынып). Оқушыларға «Мектепті көркейтеміз – қаламызды көркейтеміз» еңбек десанты құрылып мектеп алаңында сенбілік жүргізілді. Желтоқсан, сәуір айларында «Сыныпқа тарту» атты науқаны барысында оқушылар сыныптарына арнап түрлі қолөнер бұйымдарын жасап тарту етті. 2022-2023 оқу жылындағы 9,11 сыныптардың

еңбекке араласуы бойынша жұмыстар жүргізілді. 11 – сынып оқушыларына кәсіптік бағдар аясында Л.Гумелев атындағы ЕҰУ, Қарағанды қаласындағы ПМ академиясы, Көкшетау қаласындағы ТЖМ университеті, Санкт-Петербург қаласындағы гуманитарлық университеті, Қазақ Ұлттық технология және бизнес университеті т.б жоғарғы оқу орындарының арнайы мамандары 2022 түлектеріне мамандық таңдаудағы маңыздылықпен өз жоғарғы оқу орнында түлектерге деген жеңілдіктерді тілге тиек етті. 9 сынып оқушыларына мамандық таңдау дәрістері жүргізіліп, қалалық оқу орындарынан арнайы мамандықтармен таныстырды. Астана-профи, педагогикалық колледж, ҚазУТБ, медициналық колледж, техникалық колледж, басқару колледжі, көпсалалы колледждерінен мамандықтармен таныстырып, оқу орнындағы талепкерге берілетін мүмкіндіктермен арнайы қолдаулар көрсететінділігі айтылды. Оқушылар мамандық таңдауда жауапкершілік танытып, көкейде жүрген сұрақтарын қойды. Желтоқсан айында «XXI ғасыр менеджері» атты тақырыбында мектепшілік дөңгелек үстел жүргізілді. Оқушылар өз пікірлерімен бөлісіп, ой алмасты. Қаңтар айында «Табиғатпен достасқым келеді» (1-4 сынып), «Табиғатты бірге сақтайық!», «Мындаған ғаламшардан Жерден кереметі жоқ». ***Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі***

**Мақсаты:** білімнің құндылығын; зияткерлік позицияның құндылығын; әр тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы құндылығын; ақпараттылық мәдениеті - кибермәдениетті және кибергигиенаны қалыптастыру.

«Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және де суицидтің алдын алу» іс шарасы бойынша жәлына екі рет 7-10 сыныптар арасында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жүргізу барысында есепке алынып тәуекел тобы анықталды.

«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 02 шілде 2018 жылғы №169-VI Заңын 1-11 сыныптарға қыркүйек айында мектеп оқушыларымен таныстыру жұмыстары жүргізілді.

«Менің бойымдағы көшбасшылық» тақырыбында қазан айында 9-10 сыныптар арасында Мектепшілік шығарма байқауы өткізілді.

Киберқауіпсіздік деген не? Тақырыбында қазан айында 5-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттары барысында қазіргі әлеуметтік желілерден төнетін қауіпсіздік ережелерімен танысты.

2022-2023 оқу жылының Қараша айында «Тапқырлар мен ақылдылар» атты зияткерлік сайысы 3,4 сыныптар арасында өткізілді.

«Ұшқыр ой алаңы» атты дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын енгізу, жүргізу бойынша мектебіміздің Парасат Дебат клубы жыл бойы жұмыстарын жүргізді

Дебат жетекшісі: тарих пәні мұғалімі Наурызбеков Ербол.



Ақпан айында «Көзқарас» тақырыбында алғашқы дебаттық ойындары өткізілді Дебат жетекшісі Наурызбеков Ербол.

«Мен кибермәдениетті қолдаймын» тақырыбында мамыр айында қорытынды кеш аталып өтті, кеш барысында дебат мүшелері өздерінің іс-тәжірибесімен бөлісті, алдағы оқу жылында қосымша жүргізілетін жұмыстарды талқылады, қала мектептерімен бәсекеге қалай түсуге болатынын атап өтті.

**7. Көпмәдениеттілік және көркем- эстетикалық тәрбие** бағыты бойынша қыркүйек айында Өзін-өзі басқару күніне дайындық ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді жауапты 11 сынып оқушылары болды, оқушылар алдағы оқу жылында болатын іс-шаралармен таныстырды.

Қазан айында 1-11 сыныптар арасында «Мерекелі алтын күз» апталығы өткізілді апталыққа арнайы жоспар құрылып сыныптар бір бірлерімен сайысу үшін түрлі топтарға бөлінді. Сыныптар өзсыныбының алда көріну мақсатында сыныптарын безендіріп өз ерекшеліктерімен таң қалдырды. Арнайы Алтын күз мерекесіне көрме ұйымдастырылып оқушылар өз қолдарымен жасаған бұйымдарын сол көрмеге орналастырды.

Қазан айындағы тағы бір байқау «Алтын күз» мерекесіне арналған «Ханзада мен Ханшайым – 2022» байқауы өткізілді байқауға 1-10 сынып оқушылары қатысты 1-4 сыныптар арасында үздік деп танылған жұп 3 сыныптар, орта буыннан 7 сыныптар, жоғарғы буыннан 9 сыныптар болып табылды.

Қараша айындағы Сынып сағаттары

1. «Толеранттық – мейірімділік әлемі» (1-4 сынып)
2. «Толеранттық – үйлесімді өзара қарым-қатынас негізі» (5-8 сынып)
3. «Толеранттық – демократиялық қоғам шарты»(9-11 сынып)

Атақты және өнер қайраткерлерімен кездесу ұйымдастыру бағыты бойынша тоқсанына бір рет Қазақстанның жазушылар одағының мүшесі Үзбен Құманбайұлымен кездесу өткізілді.

«Келдің міне, Жаңа жыл» жаңа 2023 жыл іс-шарасы өткізілді.

Халықаралық бейбітшілік күніне арналған бір сағат тақырыбы бойынша

1 мамыр күні Бірлік түбі береке атты тақырыпта апталық ұйымдастырылды, апталық барысында жоспар құрылып сол жоспарға сәйкес Қазақстандағы 130 дан астам ұлт өкілдеріне арнайы видеоролик дайындалып әлеуметтік желілерге орналастырылды.

Театрларға, мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға экскурсия бағыты бойынша мектеп оқушыларының 80% жыл бойы экскурсияға шықты. Жасөспірімдер театрына, Қуыршақ театры, Жастар театры, Опера және балет тетрларына саяхат жасады. Мұражайлардан Тұңғыш президент мұражайына, Ұлттық әскери патриоттық қарулы күштер музейіне саяхат жасады мектеп оқушылары. Алжир лагеріне мектебіміздің 8 сынып оқушылары экскурсияға барып тамашалап , сол лагердің тарихымен танысып келді.

**8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты** бойынша қыркүйекайында «Денсаулық күні» өткізіліп, 5-11 сыныптар белсенділік танытты. Оның барысында сурет көрмесі ұйымдастырылып, эстафеталық ойындар, тақырыптық сынып сағаттары жүргізіліп, медбике сыныптарда дәріс оқыды. «Болашақ» мектептің өзін-өзі басқару ұйымының денсаулық министрі Икрамулова Ф. және оның көмекшілер тобы жыл көлемінде мектеп медбикесі Кеншимова Ж.Б. тығыз жұмыс жасады. Апта сайын 1-11 сынып оқушыларының тазалығы тексеріліп, сыныптар бойынша есеп жүргізілді. Соның қорытындысы негізінде ай сайын салыстырмалы мониторинг жасалып, «таза сыныптар» анықталып отырды. Мектептің мәжіліс залында жинап, темеке, нашакорлық, грипп, СПИД, дұрыс тамақтану және т.б. тақырыптарда дәрістер оқыды. Оқушылардан тақырыптық сауалнамалар алынып отырды.

Салауатты өмір салтын насихаттауда мектебімізде жұмыс жасап жатқан спорттық үйірмелердің маңызы зор. Баскетбол, волейбол, футбол, тоғызқұмалақ секцияларына оқушылар өте көп қатысып, дайындықтарды себепсіз босатпайды. Соның негізінде волейбол (ұлар командасы), баскетбол мен футболдан «Есіл» ауданы бойынша екі жыл қатарымен I орында көрініп келеді. Тоғызқұмалақтан мектебіміздің мақтаныштары Әуелбай Е., Бекмахан Ә. республикалық және халықаралық жарыстарға қатысып, жеңіспен оралады (жетекшісі Аяпбеков М.Б.). Мектептің мәжіліс залында Дүниежүзілік тоғызқұмалақ қауымдастығының бас хатшысы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, филология ғылымының кандидаты Шотаев Мақсат Есенбекұлымен кездесу өтті. Кездесуге 9-11 сынып оқушылары

катысты. Кездесу барысында Мақсат Есенбекұлы өзінің өмір жолымен таныстырып, спортта жеткен жетістіктері туралы айтып кетті. Шотаев М.Е. тоғызқұмалақтың атауы, ойынның теориялық негіздері мен кенже қалған этюд жанры бойынша есептер туралы балаларға көп мәлімет берді. Балалар әңгімеге қызығушылық танытып, көптеген сұрақтар қойып отырды. Шотаев мырза барлық берілген сұрақтарға толық жауап беріп, оқушыларды салауатты өмір салтын сақтауға шақырды.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде көрсетілген тәрбие жұмысының 8 бағыты іске асуда, яғни бұл жұмыстың басты мақсаты- жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыру.

2022-2023 оқу жылында тәрбие саласы бойынша жетістіктеріміз. Оқушыларымыз мектептегі спорт секциялары мен мектептен тыс спорт кешендерінде түрлі секцияларға қатысады және осы жылдың Спартакиадасының қорытындысы бойынша мектеп ІІІ орында орналасты. Бұл үлкен жетістік.

Оқушыларымыз тек қана спорт жағынан көптеген жетістіктерге жетіп өте жақсы жетістік көрсете алды: Атап айтқанда:

**№24 орта мектеп КММ**  
**Мектеп оқушыларының жеткен жетістіктері**  
**2022-2023 оқу жылы**

№	Аты жөні	Сыныбы	Жарыс түрі	Жарыс атауы	Орын	Жетекші
1	Ауелбай Раушан	9 «Б»	Тоғызқұ малақ	ҚР-ның 30 жылдығына арналған Астана қаласының тұрғындары арасында өткізілген тоғызқұмалақ ойыны	ІІ	Аяпбеков Мұрат Базаралиева Гульнара Бахтқызы
2	Ауелбай Раушан	9 «Б»	Тоғызқұ малақ	Арқа Алаң ҰСТДО І жылдығына орай АРҚА АЛАҢ кубогына арналған қалалық жасөспірімдер арасындағы тоғызқұмалақ ойынынан турнирда 13 жастан жоғары қыздар арасында І орын	І	Аяпбеков Мұрат Базаралиева Гульнара Бахтқызы

3	«Астана Гүлдері» ансамблі Чингис Айша Чингис Бибі Сарсенбек Анель Өтеп Ғайша	8 Е	Би	«Жұлдызды бала» халықаралық балалар мен жасөспірімдер байқауы	I	Қуанышбеков Марат
4	Тыныштық Айсұлтан	4 сынып	Әдебиет әліппесі оқулары	Астана Дарыны дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы. Қалалық Әдебиет оқулары Алтын Сақа шығарманы жалғастыру номинациясы бойынша жеңімпазы	I	Жакишева Салтанат Кенжеғалиев на
5	Өмірзақ Айша	8 «Б»	Тоғызқұ малақ	Арқа Алаң ҰСТДО 1 жылдығына орай АРҚА АЛАҢ кубогына арналған қалалық жасөспірімдер арасындағы тоғызқұмалақ ойынынан турнирда 13 қыздар арасында I орын	I	Аяпбеков Мұрат
6	Бапаева Аида	3 «З»	Таэквон до	Таэквондо (WT) спортынан Қазақстан Республикасы ашық фестивалінде Б- категориясы бойынша 8-9 жас аралығында 26кг салмақ дәрежесі бойынша III орын иегері атанды	III	Чактауова Ақсұлу
7	Кайбаков Арыстан	4 «И»	Таэквон до	Таэквондо (WT) спортынан Қазақстан Республикасы ашық фестивалінде Б- категориясы бойынша 8-9 жас аралығында 30кг салмақ дәрежесі бойынша I орын иегері атанды	I	Чактауова Ақсұлу
8	Чыңғызбекқызы Лиана	5 «К»	Көркем гимнаст ика	ALEM CUP ашық турнирі көркем гимнастикадан II орын Және МИСС Улыбка номинациясымен мараптталды	II	Исмаилова Г. Т

9	Ауелбай Раушан	9 Б	Тоғызқұ малақ	Мектеп оқушылары арасындағы Республикалық жарыста тоғызқұмалақ ойыны бойынша «Жас Ұрпақ-Жарқын Болашақ» атты ұлттық ойындар турнирі	II	Аялбеков Мұрат Базаралиева Гульнара Бахтқызы
10	Өмірзақ Айша	8 Б	Тоғызқұ малақ	Мектеп оқушылары арасындағы Республикалық жарыста тоғызқұмалақ ойыны бойынша «Жас Ұрпақ-Жарқын Болашақ» атты ұлттық ойындар турнирі	I	Аялбеков Мұрат Базаралиева Гульнара Бахтқызы
11	Ауелбай Раушан	9 Б	Тоғызқұ малақ	24-31 шілде аралығында Семей қаласында Тоғызқұмалақтан ҚР жасөспірімдер чемпионатында Арқа АЛАН ҰСТДО оқушысы Әуелбай Раушан 15 жасқа дейінгі қыздар арасында блиц түрінен жүлделі 2 орынға ие болды және Спорт шеберлігіне үміткер атағын алды	II	Аялбеков Мұрат Базаралиева Гульнара Бахтқызы
12	Исмгулова Назерке	5 Е	Таэквон до	Таэквондодан Жеңіс кәсіби спорт клубының ашық халықаралық кубогы	I	
13	24 орта мектеп құрамасы		Футбол	Адалдық қайырымдылық жобасының ұйымдастырылуымен шағын футбол турнирі	I	Социалов Медет
14	Өмірзақ Жанарыс		Тоғызқұ малақ	ҚР-ның Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және М.О.Әуезовтың 125 жылдығына орай ұйымдастырылған қалақық жасөспірімдер арасындағы тоғызқұмалақ ойынынан жарыс	III	Аялбеков Мұрат
15	Өмірзақ Айша	8 Б	Тоғызқұ малақ	ҚР-ның Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және М.О.Әуезовтың 125 жылдығына орай ұйымдастырылған қалақық жасөспірімдер	I	Аялбеков Мұрат

				арасындағы тоғызқұмалақ ойынынан жарыс		
16	Өмірзақ Жарқын	5 Д	Тоғызқұ малақ	ҚР-ның Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және М.О.Әуезовтың 125 жылдығына орай ұйымдастырылған қалақық жасөспірімдер арасындағы тоғызқұмалақ ойынынан жарыс	I	Аяпбеков Мұрат
17	Қазбек Нұрдаулет	9 Г	Тоғызқұ малақ	Астана қаласы чемпионаты	I	
18	Қазбек Нұрдаулет	9 Г	Аралас жекпе жек	ҚР-ның Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған турнир	III	
19	Абдіқадір Айсұлу	9 Г	Каратэ	Чемпионат Қазақстан 3 место Чемпионат город 3 место Чемпионат Азия 2 место Чемпионат город 1 место Чемпионат Республика 3 место		
20	Жақыпбек Аружан	9 Г	Бес асық	Жасөспірімдер арасында құрама командасының іріктеуге арналған ашық турнир	I	
21	Амалбек Нұрбақыт Амалбек Иманғали Өмірзақ Айша Нұрманова Нұргүл	7 Д 8 А 8 Б 8 Ә	Тоғызқұ малақ	Астана қаласы әкімдігінің Өркен балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы Балалар жылына арналған Мектеп лигасы шеңберінде 7-8 сынып оқушылары арасында тоғызқұмалақтан қалалық жарыс	II	Аяпбеков Мұрат
22	Ауелбай Раушан Амалбек Хадиша Бекмахан Әділет Серік Кәусар	9 Б 10 Б 9 Б 9 Б	Тоғызқұ малақ	Астана қаласы әкімдігінің Өркен балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы Балалар жылына арналған Мектеп лигасы шеңберінде 9-11 сынып оқушылары арасында	I	Аяпбеков Мұрат

				тоғызқұмалақтан қалалық жарыс		
23	Садуақас Нұрбек	5 Е	Самбо	Самбо күресінен 2004- 2006 ж.т 2007-2009 ж.т және 2010-2012 ж.т жасөспірімдерарасынд а Астана қаласының чемпионаты	II	
24	Ауелбай Раушан	9 Б	Тоғызқұ малақ	Тоғызқұмалақтан ҚР- ның 17 жасқа дейінгі қыздар арасындағы жекелей чемпионатында рапид түрінен	III	Аяпбеков Мұрат
25	Салтанат Ақбаян	11	Қазақ әдебиеті		I	

**«Шаттық 2023ж» нәтижесі.  
Астана қаласы №24 орта мектеп ШЖҚ МКК**

№	Жанр Қатысушы ТАЖ	Номинация	Қатысушылар саны	Жас ерекшелігі	Шығармашылық жетекшісі ТАЖ	Нәтиже
1	Аспап жанры <i>Халмуратова Зарина</i>	Соло халық аспаптары	1	8-11	Нахаева Жанат  Бекзатовна	Дипломант
2	Аспап жанры	Халық ансамблі	12	12-14	Серикбаева Назипа Полатовна Турашева Ж.М.	<b><u>Күміс медаль</u></b>
3	Бейнелеу өнері <i>Қалықбай Жансая</i>	Бейнелеу өнері	1	12-14	Бакитов Жанайдар	Сертификат
4	Хор	Хор	24	12-14	Сеитов  Назымбек Нурлыбекович	Дипломант
5	Аспап жанры <i>Қадыр Ақниет</i>	Соло классикалық аспаптар	1	15 жас одан жоғары	Литвин  Светлана Анатольевна	Сертификат
6	Вокал жанры <i>Қанат Мақпал</i>	Эстрадалық ән	1	15 жас одан жоғары	Сеитов  Назымбек	Дипломант
7	Вокал жанры <i>Жаңбырбай Ануар</i>	Дәстүрлі ән	1	15 жас одан жоғары	Сеитов  Назымбек	Дипломант

8	Хореография	Халық биі	15	12-14	Заслуженный деятель Республики Казахстан, Деятель культуры РК, Почетный работник образования РК, Награжден Государственными НАГРАДАМИ ЕЛБАСЫ И ПРЕЗИДЕНТА РК- КУАНЫШБЕКОВ МАРАТ ЖОЛШЫБАЕВИЧ	Сертификат
---	-------------	-----------	----	-------	---	------------

**Свод анализ:**

**Күшті жақтары:** Оқушылардың аудандық, қалалық, республикалық деңгейдегі жарыстардағы жетістіктері.

**Әлсіз тұстары:** Ата-аналардың мектепшілік іс-шараларға қатысуы. Әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылардың басым болуы.

**Мүмкіндіктер:** Қалалық деңгейде тәрбие бағытындағы іс-шаралар ұйымдастыру.

**Қауап қатер:** Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстардың әлсіз болуы. Үйірмелер мен секцияға қатысатын оқушылардың азаюы.

**Ұсыныстар:**

Оқу жылындағы атқарылған жұмысты қорытындылай келе, 2023-2024 оқу жылына тәрбие жұмысын жоспарлау және жүргізуде келесі ұсыныстар басшылыққа алынады:

1. Үйірме және мектептен тыс қосымша білім беру орталықтарына қатысатын оқушылардың санын арттыру
2. Ата-аналарды мектепшілік іс-шараларға қатысу деңгейін көтеру
3. Өнер саласы бойынша жетістіктер санын арттыру мақсатында жүйелі жұмыс жүргізу.
4. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша №61 бұйрыққа сәйкес жұмыс жасау.

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Амантай З.**



